

**2019 жылға арналған Шарбақты ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 125/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 сәуірде № 6308 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Шарбақты ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Шарбақты ауданының ұйымдарына бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. А. Неғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Әбеуов

Шарбақты ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "16" сәуірдегі  
№ 125/3 қаулысына  
қосымша

**Шарбақты ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы**

				Бас бостандығынан айыру орындарынан
--	--	--	--	-------------------------------------

Р/с №	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері ( қызметкерлердің тізімдік санынан %)	босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны
1	"Шығыс Жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	64	1%	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ